

АБАИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2023 жылғы 28 ақпандағы ҚАУЛЫСЫ

1. *Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.А.Бүрибаевтың* Университеттің зерттеу қызметі жұмыстарының 2022 жылғы есебін тыңдай және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.1.1 Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.А.Бөрібаевтың «Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2022 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі есебі» мақұлданысын және бекітілсін.

1.1.2 Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.А.Бөрібаевқа университеттің халықаралық және отандық жоғары оқу орындары рейтингтерінде ілгерілеуіне ықпалының басымдығына байланысты «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ Басқармасына профессор-зерттеушілердің пулын кеңейту туралы ұсыныстар енгізсін (*мерзімі - үнемі*).

1.1.3 *Өнер, мәдениет және спорт институтының, Сорбонна-Қазақстан институтының директорларына* ББ лицензиялау және аккредиттеу талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын қаржыландырылатын ғылыми жобалармен қамтамасыздандыру мақсатында 2023-2025 жж. аралығында ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыруға арналған жобалар конкурстарына ПОҚ қатыстыру жұмыстары күшейтілсін (*мерзімі - үнемі*).

Институттар директорларына және кафедра меңгерушілеріне:

1.2.1 Халықаралық рейтингтерде университеттің бәсекегеқабілеттілігін арттыру мақсатында ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарла, Scopus және WoS базаларында индекстелетін басылымдарда ПОҚ жарияланымдарының санын арттыру жұмыстары күшейтілсін (*мерзімі - үнемі*).

1.2.2 Жекелеген оқытушыларда жарияланымдардың толық болмауы жағдайларын жою қолға алынсын; атқаратын лауазымына конкурстардан өту кезінде профессор-оқытушылардың соңғы жылғы мақалаларының болуы ескерілсін (*мерзімі - үнемі*).

1.2.3 Докторантураның білім беру бағдарламалары (мамандықтары): дефектология, математика (ғылым), физика (ғылым), информатика, химия, биология, тарих, география, орыс тілі мен әдебиеті, элеуметтану, философия, филология, әдебиеттану, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша түлектердің докторлық диссертацияларын мерзімінде қорғау жұмыстары қолға алынсын (*мерзімі - үнемі*).

1.2.4 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын республикалық ғылыми ұйымдармен (ҒЗИ) интеграциялау жөніндегі ынтымақтастық байланысы күшейтілсін (*мерзімі - үнемі*).

1.1.3 *Хабаршы ғылыми журналдарының бас редакторлары мен жауапты хатшыларына* Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы/Вестник «Филология ғылымдары» сериясы, «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы бойынша ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ескертулерін жою жөніндегі жұмыстары жеделдетілсін және аталған уәкілетті органға ұсыныс берілсін; «Арнайы педагогика» сериясын ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдар базасына ендіру мақсатында дайындық жұмыстары жүргізілсін.

2. *Стратегия, цифрландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор А.Т.Кульсариеваның* Abai University 2022-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясының орындалуы туралы есебін тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Abai University 2022-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясының орындалуы туралы есебі назарға алынсын.

3. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Г.С.Джарасованың «Университеттің оқу-әдістемелік жұмысының 2022 жылғы есебі» есебін тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 3.1 ҚР ҒЖБМ және Дүниежүзілік Банк «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы аясында әзірленген білім беру бағдарламаларының пилоттауын ББЖД, ОӘБ (ЖБТ) ұйымдастырсын (мерзімі – 1 қыркүйек 2023 ж. дейін).
- 3.2 Кафедра меңгерушілері мен АМЖД бакалавриатта педагогикалық ББ бойынша көптілділік форматында оқытуды белсендендіру жұмыстары ұйымдастырылсын (мерзімі - үнемі).
- 3.3 Білім беруді цифрландыру департаменті (ББЦД) және Педагогикалық шеберлік орталығы (ПШО) Жаппай ашық онлайн курс (ЖАОК) әзірлеуді материалдық-техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін (мерзімі - үнемі).
- 3.4 **Білім беру бағдарламасын жобалау департаментіне (ББЖД), Академиялық мәселелер жөніндегі департаментіне (АМЖД), институттар мен кафедраларға:**
- 3.4.1 Абай атындағы ҚазҰПУ кадрларын даярлау бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын арттыру мақсатында жұмыс берушілермен, мемлекеттік органдармен, "Атамекен" ҰКП, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, ҰТО-мен өзара іс-әрекеті жұмысын жалғастырылсын;
- 3.4.2 студентке бағдарлап оқытудың үздік тәжірибелері мен тәсілдерін анықтауды және таратуды ұйымдастырсын;
- 3.4.3 кадрларды даярлау бағыттарының оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуіне мерзімді мониторингті жүзеге асырсын;
- 3.4.4 Эразмус+ бағдарламасы жобалары шеңберінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын дайындау мүмкіндігін қарастырсын;
- 3.4.5 білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында ашықтық пен ақпараттандыруды, мәселені кеңінен қарауды қамтамасыз ете отырып, басқарушылық және стратегиялық шешімдер қабылдау процесінде ПОҚ мен білім алушыларды тарту форматы қайта қаралсын;
- 3.4.6 жаңа қабылданған кәсіби стандарттарға және МЖМБС өзгерістеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту аяқталсын (мерзімі – 01.07.2023ж.);
- 3.4.7 үш деңгейлі білім беру бағдарламаларының мазмұнына салыстырмалы сараптама жүргізілсін;
- 3.4.8 2, 3 кредиттік пәндер 5 кредитке дейін ірілендірілсін (ЖББ пәндерін қоспағанда);
- 3.4.9 «Дене шынықтыру» пәні және қосымша білім беру пәндерінің 100 балдық шкала бойынша "сынақ/сынақ емес" қортынды бақылау түрінде анықталсын.
- 3.5 ЖОО ішіндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде ЖОО-ның оқу-әдістемелік жұмысын жақсарту жөніндегі академиялық кеңестің ұсыныстары ескерілсін.

4. Математика, физика және информатика институтының директоры Б.Д.Сыдыховтың Математика, физика және информатика институтының 2022-2025ж.ж. арналған Даму стратегиясының орындалуы туралы (2022 жылдағы) баяндамасын тыңдай және талқылай келе, Кеңестің қаулы қабылдады: **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Математика, физика және информатика институтының 2022-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясының 2022 жылғы орындалуы туралы есебі назарға алынсын;
- Институттың 2022-2025 жж. Даму стратегиясы алдағы жылдардағы жоспарға сәйкес іске асырылсын.
-

5. Өртүрлі/Біліктілік істер.

5. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор *Г.С.Джарасоваға* жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Д. Билялов

Д.Билялов

Ж. Битибаева